



РЕСМИ ИССАПАР

Ұлттық жобалар аймағымызды алға оздырады

◀1

– Қазіргі уақытта денсаулық сақтау нысандарының 45 пайызы тозған. Медицина мамандарының тапшылығы сегіз мыңға жуық, оның жартысы – дәрігерлер. Медициналық жабдықтардың жетіспеушілігі байқалады, әсіресе бұл мәселе ауылды жерлерде өте өзекті. Сол себепті ұлттық жоба аясында ауылдардағы денсаулық сақтау саласын жаңғырту ісі басталды. Жоба аясында 2025 жылға дейін елімізде 600-ден астам дәрігерлік амбулатория, фельдшерлік-акушерлік және медициналық пункт бой көтереді, соның 36-сы Шығыс Қазақстанда салынады. 32 ауданаралық ауруханалар жаңғыртылып, ультра-дыбыстық зерттеу, компьютерлік томография, МРТ, рентген сияқты құралдармен жабдықталады. Риддер қаласында емхана салынып жатыр, оның да құрылыс жұмысымен танысамыз, – деп атап өтті Алтай Сейдірұлы.

Сонымен қатар Алтай Көлгінов Ана мен бала орталығы және Сәулемен емдеу орталығының жұмысымен танысты. Басқосуда дәрігерлердің ерекше статусы, денсаулық сақтау мекемелерін заманауи құрылғылармен жабдықтау, біліктілікті арттыру және мамандандыру, жас мамандарды ауылға тарту үшін баспана мен көтерме ақысын төлеу секілді тақырыптар талқыланды.

Он жайлы мектеп бой көтереді

– Мемлекетіміз білім берудің барлық деңгейінде тең қолжетімділікті қамтамасыз ету, инфрақұрылымды дамыту, оқу сапасын арттыру, тәрбие жұмысын күшейту және педагог мамандығының мәртебесін арттыру бағытында ауқымды жұмыстар жүргізіп жатыр. Еліміздегі білім саласындағы ең өзекті мәселелер – мектепке дейінгі және орта оқу орындарындағы орын тапшылығы, қала мен ауылдардағы білім беру сапасындағы алшақтық, педагогтар тапшылығы және интернеттің әлсіздігі. «Жайлы мектеп» мемлекеттік бағдарламасы аталған бірқатар мәселені шешуге арналған, – деді Алтай Көлгінов.

Оның айтуынша, 2023-2025 жылдар аралығында елімізде 400-ден астам жайлы мектеп салынады. Шағын қалаларда, аудан орталықтары мен ауылдарда қазіргі заманғы стандарттарға сай бес мың мектеп жаңғыртылады. Роботтық техника, химия, биология, физика бойынша заманауи жеті мың кабинет ашылады. Түйткілді мәселелерді шешу

үшін мемлекеттік шаралардан бөлек, бизнес пен азаматтық қоғамды да тарту қажеттігі айтылды.

Облыстық білім басқармасының басшысы Инесса Чернышеваның мәліметінше, өңірде 2023-2025 жылдары 17 мектептің құрылысы, оның ішінде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 4200 орындық он мектептің құрылысы жоспарланған.

Биыл жеті мектептің құрылысы басталып, 2024 жылы пайдалануға берілімек. Оның ішінде 600 орындық үш мектеп – Өскемен мен Риддер қаласында және 300 орындық төрт мектеп – Өскемен, Шемонаиха, Белоусовка және Глубокое ауданында. Ал 2024 жылы 1200 орындық үш мектептің құрылысы басталады, Өскемен қаласында – екі мектеп, Пропорциково ауылында – бір мектеп.

Жайлы мектептердің ерекшелігі – бастауыш және жоғарғы сынып оқушылары жеке блоктарда оқитын болады, бұл қауіпсіздік шараларын арттыруға мүмкіндік береді. Әр блокта психолог, логопед, роботтық техника, биотехнология кабинеттері, STEM зертханалары, хореография залы, коворкингтер, сондай-ақ жобалық қуаты 600 орыннан жоғары мектептерде бастауыш және орта буын сыныптарына арналған жеке спорт залдары болады.

Педагогика мамандарын даярлау үшін гранттар саны артып келеді, сондай-ақ жалақы, басқа да жағдайлар жасалып жатқандығы айтылды.

Сонымен қатар Алтай Көлгінов облыс әкімі Даниал Ахметовтің қолдауымен ашылған мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған «Ақ ниет» мектеп-интернатында болып, мұндағы ерекше балалардың тұрмыстық жағдайымен, оларға көрсетілетін медициналық түзету қызметтерімен танысты.

Мектеп-интернаттың басшысы Светлана Кривицкаяның айтуынша, ұжым жұмысындағы маңызды бағыттардың бірі – ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға кәсіптік бағдар беру мақсатында олардың бейімділіктерін анықтау.

Кездесу барысында қазір колледжде оқып жүрген интернет тәрбиеленушілері Алексей Журавлев пен Тұмар Баширов өздерінің IT-жобаларымен таныстырса, Меруерт Газраилова сан саласындағы жетістіктерімен бөлісті.

«Ақ ниет» мектеп-интернатының балалары бастауыш сыныптарды осы мекемеде, ал орта буыннан бастап қаламыздың инклюзивті білім беретін мектептерінде оқиды. Білімдерін ары қарай колледжде немесе жоғары оқу орындарында жалғастыруға барынша жағдай жасалған.

Мамандарды Қытаймен бірлесе даярлайды

Жұмыс сапары барысында Алтай Көлгінов Д.Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университетіне барып, алдағы күзде ашылатын «Лу Бань атындағы шеберханы» дайындық жұмыстарымен танысты.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Орталық Азия – Қытай» саммиті аясындағы Қытай Халық Республикасына мемлекеттік сапары кезінде өзара ынтымақтастық және мемлекетаралық қатынастарды дамыту туралы бірқатар құжаттарға қол қойып, халықаралық озық тәжірибелерді енгізу және елімізде шетелдік оқу орындарының филиалдарын ашу қажеттігіне назар аударғаны белгілі.

Осы сапар барысында делегация құрамында болған аймақ басшысы Даниал Ахметов пен Тяньцзинь қаласының мэрі Чжан Гон Шығыста «Лу Бань атындағы шеберхана» ашу туралы уағдаластыққа қол қойып, осындай келісім Д.Серікбаев атындағы техникалық университет пен Тяньцзинь кәсіптік университеті арасында жасалған болатын.

Лу Бань – Қытайдағы тарихи тұлға. Оның біздің дәуірімізге дейінгі төрт жүзінші жылдары жасаған көптеген құрал-жабдықтарының принциптері күні бүгінге дейін қолданылады.

Техникалық мамандарды бірлесе даярлауға негізделген бұл жоба әлемнің көптеген елдерінде кеңінен таралған. Халықаралық жоба екі ел арасындағы қолданбалы технологиялар және жоғары техникалық білім беру саласындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуды көздейді.

– Қазақстан арқылы бес теміржол, алты автомобиль жолы және 11 халықаралық дәліз өтеді, яғни бұл Шығыс пен Батыс арасындағы ірі транзиттік көпір. Автокөлік нарығындағы барлық көлік түрлеріне қызмет көрсете алатын білікті мамандар қажет. Бұл орайда, «Лу Бань шеберханасы» «Автокөлік құралдары» білім беру бағдарламасы үшін мамандардың саны мен сапасының өсуін қамтамасыз ете алады. Аталған жоба университет базасында автомобиль көлігі саласында жаңа оқу зертханаларын ашуға және заманауи Қытай технологияларын пайдалану отырып білім беру бағдарламаларын жетілдіруге мүмкіндік береді, – деді университет ректоры Сәуле Рахметуллина.

Сонымен қатар Қытайдың жоғары оқу орындарымен академиялық және ғылыми ынтымақтастықты кеңейтіп, қос дипломды білім беру бағдарламаларын жасау, бірлескен



Тілеубек Шаяхмет

ғылыми жобаларды әзірлеу жоспарланып отырғаны айтылды.

Премьер-Министрдің орынбасары жоғары оқу орнының материалдық-техникалық базасымен танысып, зияткерлік инжиниринг технологиялары әзірленіп жатқан «Смарт Инжиниринг» құзыреттілік орталығының бүгінгі жетістіктеріне жоғары баға берді. Университет басшылығы өз кезегінде білім беру мен ғылыми зерттеулердің сапасын арттыру бағытында жұмыстар жалғасатындығын айтты.

2,5 пайыздық несие кімдерге беріледі?

Президенттің тапсырмасына сәйкес, елімізде жеке шаруашылықтар мен шағын бизнес жобаларды дамытуға серпін беретін «Ауыл аманаты» бағдарламасы жұмыс істейді. Оның негізгі мақсаты – ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді жан-жақты қолдау, ауыл тұрғындарын агробизнеске барынша тарту, азық-түлік қауіпсіздігі, бағаны тұрақтандыру және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартуға байланысты мәселелерді шешу. Осы бағдарламаның орындалу барысымен танысу үшін Алтай Көлгінов «Атамекен» кәсіпкерлер палатасында тұрғындармен және «Ауыл аманаты» бағдарламасының әлеуетті қатысушыларымен кездесті. Жиынға қатысушылар кәсіптеріне қатысты ұсыныстары мен ойларын ортаға салды.

– Жобаны жүзеге асыруға республика бойынша 100 млрд теңге қарастырылса, соның 1,5 миллиард теңгесі Шығыс Қазақстанға бөлінді.

ИННОВАЦИЯ

Оталарды тың әдіспен жасайды

Онкохирургтер ең көп таралған және ұзаққа созылатын операция – өңешке жасалатын ота екенін мойындайды. Кейде шамамен жеті сағатқа созылады. Дегенмен медицина бір орнында тұрмайды. Бүгінгі таңда жергілікті онкодәрігерлер күрделі деген оталардың өзін үлкен тіліксіз, бір жерден тесу арқылы жасау әдісін жетік меңгерген.



Тілеубек Шаяхмет

Өңірдегі торакалды онкохирургия қызметі туралы облыстық көпсалалы онкология және хирургия орталығының онкохирургі Әділбек Баймұсанов айтып берді.

Торакалды хирургия – медиастиналды органдар, өкпе және кеуде, көмей, бас және мойын ісіктерінің патологиялары мен жаракаттарын диагностикалау мен хирургиялық емдеуді қамтитын медицина саласы.

Әділбек Баймұсанов медиастинаның, өкпенің, өңештің, трахеяның, төс пен қабырғаның, көмейдің, қалқанша безінің, бас және мойын ісіктерінің қатерлі және қатерсіз ісіктерін, сондай-ақ өңештің тарылуын және басқа ауруларды диагностикалау үшін міндетті түрде хирургтің кеңесі қажет екенін айтады.

Торакалды хирургияны меңгерген дәрігерлер үшін оталарды қабырғаны айналып өтіп, аз жаракаттармен жасау маңызды. Облыстық көпсалалы онкология және хирургия орталығында осы бағытта төрт маман жұмыс істейді.

– Торакалды хирургияда көптеген операция түрлері бар. Кейде қатерсіз ісікті сылып тастауға 20 минут кетуі мүмкін, ал медиастинаның қатерлі ісігін жоюға бірнеше сағат керек. Ең ауыр операцияның бірі – өңештегі қатерлі ісікті кесіп алу,

медиастинаның үлкен ісіктерін алып тастау. Алынған өңештің орнына асқазан түтігінен жасанды өңеш орнатылады. Мұның бәрі лапаро және торакокопиялық әдіспен, кеуде қуысы мен іш қуысын ашпай жасалады. Бірнеше жыл бұрын мұндай операцияны үлкен тіліксіз жасау мүмкін емес еді, – дейді Әділбек Баймұсанов.

Дәрігердің айтуынша, қазір көптеген операциялар жоғары мамандандырылған медициналық көмек болып саналады. Өткен жылы 500-ден астам ота жасалса, оның 273-і өкпеге жасалды.

– Көп жағдайда дәрігерлер оталарды аз инвазивті қолжетімділік арқылы үлкен тіліктерсіз-ақ жасай алады. Бақытымызға орай, біздің орталық заманауи жабдықтармен жарақталған. Мұндай маневрлер үшін біздің дәрігерлердің біліктілігі де жағдайымыз. Минималды инвазивті әдістер операциядан кейінгі кезеңді де айтарлықтай жеңілдетеді. Бұл – науқастың еңбекке қабілеттілігі тез қалпына келеді деген сөз, – дейді онкохирург.

Естеріңізге сала кетейік, торакалды хирургиядағы аз инвазивті әдістердің дамуы орталық хирургтері 2017 жылы Ұлыбританияда үш айлық тағылымдамадан өткеннен кейін басталды.

Кәмал Естай

ЖОЛАУШЫ ТАСЫМАЛЫ

Қай жастағы балалар тегін жүреді?

«Жолаушылар тасымалы» АҚ балаларға билет алу тәртібін түсіндірді.

– 7 жасқа дейінгі балалар үшін пойызға міну ақысы тегін. Алайда оларға бөлек орын қарастырылмайды. Өзіне бөлек орын беру үшін балалар билетін алу қажет. Егер 7 жасқа дейінгі балалар саны екі немесе одан көп болса, балаларға арналған билет алу қажет болады. 7-15 жас аралығындағы балалар билетіне ересектер билеті құнының 50 пайызы көлемінде жеңілдіктер бар. 15 жасқа дейінгі балаларға ересек адамдармен бірдей бағада билет алынады, – деп хабарлай-

ды «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ баспасөз қызметі.

Балалар билетін алу үшін қандай құжаттар қажет? Балаға билет алу үшін жеке басын куәландыратын құжат – баланың туу туралы куәлігі немесе паспорты керек болады. Баланың туу туралы куәлігі немесе оның нотариалды куәландырылған көшірмесі билетпен бірге жолсерікке пойызға мінер алдында беріледі.

Баланың жалғыз өзін пойызбен қалай жіберуге болады? 15 жасқа дейінгі балалар тек ере-

сектермен бірге пойызға отыра алады. Егер бала пойызда оның заңды өкілі болып саналмайтын адаммен бірге баратын болса, одан сол адамның баланы ертіп жүруіне рұқсат етілген нотариалды куәландырылған сенімхат керек. 15 жасқа дейінгі балалар нотариалды куәландырылған сенімхатпен өзі саяхатқа шыға алады. Ал жолаушылар пойызына отырғызғанда немесе жолда баланың қасында заңды өкілі бірге болған жағдайда сенімхат көрсету талап етілмейді.

Жамал Ермен

БӘСЕКЕЛЕСТІКТІ ҚОРҒАУ

Заңсыз кірісті қайтарып берді

Облыстағы жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің бірінің монополиялық жағдайды теріс пайдаланғаны дәлелденіп, серіктестік өз қызметін пайдаланған нарық субъектілеріне 2 жарым миллион теңгеден астам монополиялық кірісті қайтарып берді.

Айна ЕСКЕНҚЫЗЫ

Облыс бойынша бәсекелестікті қорғау және дамыту департаменті «Восток-Агропром» серіктестігін бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзу фактілері бойынша тексерді. Тексеру барысында серіктестіктің Шемонаиха ауданы шекарасын-

да астық қабылдау пунктерінің қызметіне монополиялық жоғары бағаны белгілеп, ұстап тұрғаны анықталды.

Осылайша, ЖШС белгілеген баға мен департамент есептеген баға арасындағы айырма 2 643 194 теңге мөлшеріндегі заңсыз

монополиялық кірісті құрады. Департамент Қылмыстық кодекстің 226-шы бабын басшылыққа алып, ЖШС-не бәсекелестікті қорғау саласындағы заңнаманы бұзушылықтарды және оның салдарын жою үшін қайта есептеу жүргізіп, нарық субъектілеріне қаражатты қайтару жөнінде ұйғарым шығарды.

Қазіргі уақытта ұйғарым орындалды. «Восток-Агропром» өз қызметтерін пайдаланған барлық нарық субъектілеріне 2 643 194 теңге сомасында қайта есептеу жүргізілді.

Жамал Ермен

ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС

«Семей орманының» басшылары сотталды

Резерваттың үш басшысы кәсіпкерлерден жүйелі түрде 700 мың теңгеден алып отырған. Сот пара алушыларды да, пара берушілерді де жауапқа тартқан.

Абай облысындағы Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерваты» РММ басшылығына және басқа да тұлғаларға қатысты

шыққан сот үкімін жариялады.

Мемлекеттік мекеменің үш басшысы кәсіпкерлерден жүйелі негізде 700 мыңнан 13 млн теңгеге дейін пара алды деп айыпталған. Кәсіпкерлер заңсыз сыйақыны лауазымды тұлғаларға резерват аумағында санитарлық тазалау мен ағаш кесуге рұқсат бергені, мемлекеттік сатып алу

жөніндегі шарттарға кедергісіз қол қойғаны, сондай-ақ жалпы қамқорлық көрсеткені үшін беріп отырған.

Резерваттың үш басшысы 10 жылға сотталды, ал пара бергені үшін бес адам кінәлі деп танылып, бір жарым жылдан үш жарым жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылды.

Үкім заңды күшіне енген жоқ.

Жамал Ермен